

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 - Құқық қорғау қызметі
мамандығы бойынша

«КК(О)Т 3501 КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ»
пәні бойынша

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит көлемі 2

Астана, 2016

Алғы сөз

- 1.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған
- 2.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 78 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген
- 3.** Алғаш енгізілген
- 4.** Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

Түсіндірме жазба

Қазіргі жаһандану кезеңінде ұлттың бірегейлігі мен тұтастығын сақтаудың маңыздылығы артып отыр. Бұл құқық қорғау мамандарының өз ісіне деген жауапкершілігін арттырады. Тіл ұлттық құндылық, халықтық мұра, қарым-қатынас құралының өзегі болғандықтан, білім алушының бойына осы қасиеттерді сіңіруде, бұл пәннің және оқытушының орны ерекше. Өйткені тыңдаушыларды тәрбиелеуде – кәсіби шеберлікпен бірге адами және ұлтжандылық қасиеттерін, танымдық және эстетикалық қабілеттерін жетілдіруге жол ашатын білім, білік, дағдының бірлігі арқылы қалыптасатын интеллектуалдық тұлғаның ой-өрісін дамытады.

«Кәсіби қазақ тілі» курсының басым бағыты мамандықты жетік игерудің жолдарын, тілді жеке жүйе ретінде емес, адамның болмысымен бірлікте қарастырады. Тілді оқытуда оның субъективті мәнін білім мазмұнында жүйелі қамту қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру талаптарымен ұштасады. Қазақстан Республикасының қарқынды даму процесі мен құқықтық жағдайы, әлемдік қауымдастықтағы беделінің артуы, біліктілік деңгейі білім беру стандарттарына сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті, жоғары білімді құқық қорғау саласында мамандар даярлаудың қажеттігін туғызып отыр. Мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – мемлекеттік тілді толық меңгеруі мен оны әр мамандық саласы бойынша тәжірибе жүзінде қолдана алуы. Сондықтан, кәсіби қазақ тілін мамандыққа қажет ғылымдармен байланысты оқыту маңызды.

«Кәсіби қазақ тілі» курсына курсанттар қазақ тілі арқылы меңгерген теориялық білімдерін жетілдіріп, білімдерін ары қарай шыңдай түседі.

Білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту ресми құқықтық нормативтік құжаттармен реттеледі. Кәсіби қазақ тілін оқытудың мақсаты, міндеттері, білім мазмұны, оқыту нәтижесі пән бойынша жалпыға міндетті білім стандарты, типтік оқу жоспары, пәннің оқу бағдарламасы мен оқу әдістемелік кешендері арқылы іске асырылады.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқып үйрену құқық қорғау саласы бойынша мамандар дайындаудың негізгі (базалық) деңгейінің құрамдас бөлігінде орындалады.

Курста әр мамандық саласындағы ұғымдар мен ғылыми атаулардың, терминдердің табиғатын қазақша терең меңгеру, кәсіби лексиканы толық пайдаланып, қазақша өз ойын анық жеткізу басты назарға алынады. Тілдік құзіреттілікті қалыптастыру коммуникативті-функционалдық грамматика тұрғысынан анықталып, кәсіби тілдік бірліктердің, терминдердің қолданыстағы қызметі мен мағынасы, ойды нақты жеткізудегі грамматикалық және лексикалық құрылымдардың **жүйелілігі оқытудың басты қағидаттары ретінде ұсынылады.**

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқып меңгерудің алдында білім алушы «Қазақ тілі» пәні мен мамандыққа кіріспе пәндерін оқып үйренуі керек. Кәсіби қазақ тілінен білім берудің негізгі құзіреттілігі және оның нәтижелі болуы мынадай жағдайлармен байланысты:

- оқытудың коммуникативті-функционалдық бағытта болуы;
- пән мазмұнының салалық кәсіби мамандықтарға қатысты құралған мәтін мен типтік когнитивті-лингвомәдени кешен түрінде берілуі;
- кәсіби қазақ тілін үйрету үрдісінде оқытуды жеке тұлғаға бағдарлау әдісі негізінде жүргізілуі;

ғылыми кәсіби әдебиеттермен жұмыс істеу машығының болуы:

- кәсіби мамандыққа байланысты мәтіндерге талдау жасау және пайымдау;
- негізгі кәсіби қызметіне қатысты ғылыми ақпараттарды өздігімен іздеп таба алу машығының болуы;

кәсіби мамандану саласы бойынша қазақша ресми сөйлесуге құзыретті болуы:

- кәсіби салада қазақша қарым-қатынас жасау үшін сөйлеу коммуникациясының тактикасы мен стратегиясын білуі керек.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқу барысында курсанттар алған білімдерін кәсіби және ғылыми мәтіндерді құрастыру үшін, кәсіби қарым-қатынасқа белсенді араласу үшін қолдануды игереді. Кәсіби және ғылыми міндеттерден басқа, аталған пән тыңдаушылардың жалпы мәдени деңгейі мен эстетикалық тәрбиесін де қамтамасыз етуі тиіс. Бұл жағдайда «Кәсіби қазақ тілі» пәні кәсіби қарым-қатынастың дағдыларын игеруді, сондай-ақ, жалпы гуманитарлық және жалпы кәсіби көкжиекті кеңейтуді көздейді.

Тақырыптық жоспар

1. Стилистика және стиль түрлері
2. Кәсіби саладағы коммуникативтік ерекшеліктер
3. Термин және құқық саласында қолданылатын терминдер
4. Кәсіби қызмет саласындағы құжаттар тіліне үйрету
5. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сөйлеу мәдениеті
6. Заттар мен құбылыстар туралы мәліметтердің хаттамалық тіркелуі

Пәннің мазмұны

Бағдарламаның мазмұны тыңдаушылардың ғылыми-кәсіби саладағы коммуникативтік қажеттіліктерімен, ғылыми қызметтің маңызды құралы ретіндегі қазақ тілінің негізінде кәсіби біліктілікке үйретудің мақсаттары мен міндеттерімен айқындалады.

Кәсіби-ғылыми тілді практикалық тұрғыда игерудің коммуникативтік мақсаттары мен міндеттері - концептуалды әрі негізгі болып есептеледі. Бакалавриат тыңдаушылары ғылыми саланың коммуникативтік ерекшеліктері бар жаңа сөйлеу дағдылары мен икемділігін қалыптастырып, әрі қарай жетілдіру арқылы кәсіби құзыреттілікке қол жеткізеді, нәтижесінде терең әрі сапалы кәсіби білім алады.

Бәсекеге қабілетті маман ретінде коммуникативтік құзыреттілікті меңгерген тыңдаушылар үшін «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізгі оқыту **нысаны** - ғылыми-кәсіби лебіз.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсаты – коммуникативтік құзыреттілік дағдыны қалыптастыру және дамыту, бәсекеге қабілетті әрі құзіреттілігі жоғары тұлғаның кәсіптік маңызы бар жағдайларда ғылыми тілмен қазақша ойын толық және анық жеткізуі үшін тілдік кәсіби бағдарлы дайындығын қамтамасыз ету.

Пәннің негізгі міндеттері:

- коммуникативтік құзыреттілік дағдыны кәсіби бағдар негізінде дамыту;
- маманданатын кәсіби саласындағы кәсіби сөздердің мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін талдау және тілдік тәжірибеде қолдануға дағдыландыру;
- мамандыққа қатысты салалық терминдердің семантикасы мен жасалу ерекшеліктерін зерделеу;
- кәсіби саладағы сөйлеу тілі мен ғылыми стильдің ерекшеліктерін салыстыра талдау.

1. Кәсіби қазақ тілі - пәндік-тілдік материал қалыптастырудың негізі.

1.1. Кәсіби терминология және арнаулы лексика.

1.2. Сөйлеудің ғылыми стилін мамандықтың тілі ретінде үйрету.

1.3. Зерттеудің ғылыми тәсілдері.

1.4. Мамандық бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны. Ғылыми еңбектің ресімделуі.

2. Кәсіби қазақ тілінің мамандық пәндермен байланысы. Кәсіби қазақ тілінің трансформациясы мен дифференциациясы. Кәсіби саладағы сөйлеу ерекшеліктері. Адамдардың өзара іс-әрекетінің әлеуметтік-психологиялық механизмі ретіндегі қарым-қатынас құралы саналатын кәсіби тілдің ішкі болмысы мен салалық ғылымдардағы кәсіби лексика.

Кіріспе

«Кәсіби қазақ тілі» – нормаға түскен әдеби тілді, іскерлік және кәсіби қарым-қатынастың түрлерін, ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін оқытатын негізгі пән. Қазіргі дәуірде бәсекеге қабілетті, әртүрлі сөйлеу жағдайында кәсіби құзыреті бар білікті маман дайындау үшін кәсіби сөздерді меңгерту мен ғылыми стильдің ерекшеліктерін айқындау маңызды әрі өзекті.

Кәсіби қазақ тілін оқыту жүйесіндегі әдістер: сұрақ -жауап әдісі (сөйлеу дағдыны дамыту мақсатында оқу үдерісінің барлық кезеңдері мен түрлерінде жиі қолданылады), түсіндіру әдісі (жеке ұғым, құбылыстарды, түрлі тәсілдердің, көрнекі құралдардың т.б. көмегімен ауызша баяндау), танымдық әдіс (оқу материалдарын білім алушының дүниетанымдық қабілетін арттыратын бағытта құру), салыстыру әдісі (бір фактіні екінші бір фактімен салыстырып түсіндіру), қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдісі (түсініксіз сөздердің мағынасын ашу, диалогтік және монологтік сөйлеуді үйрету).

Кәсіби қазақ тілін оқыту жүйесіндегі инновациялық әдістер мен жаңа технологиялар: дамыта оқыту технологиясы (оқушылардың ізденгіштік зерттеушілік қабілеттерін дамыту), ақпараттық технологияларды қолдану (компьютерлік технологияны, интерактивті тақтаны пайдалану, слайд жасау, тренинг ұйымдастыру), деңгейлеп оқыту (қарапайымнан күрделіге қарай құрылған деңгейлік тапсырмалар жүйесі), проблемалық оқыту (білім алушылардың ойлау, іздену, шығармашылық қабілеттерін дамыту, нәтижеге жету жолын көрсету), қатысымдық әдіс (сөздерді дұрыс қолдануға үйрету), лабораториялық әдіспен оқыту технологиясы (тіл дыбыстарын дұрыс айтуға, сөзді сазына қарай қолдана білуге үйрету).

Кәсіби қазақ тілінен базалық түсінік қалыптастыратын кәсіби терминдер жүйесі. Терминдердің танымдық мәні. Терминдерді қолданудағы түрлі бағыттар. Кәсіби тілінің ұлттық терминдері. Тақырып пен термин анықтығы. Тілдік материалдың ғылыми дәлдігі. Кәсіби тіл және оның құрамы. Кәсіби терминология - ғылыми стильдің негізгі белгісі.

Термин – әлем бейнесінің ғылыми саладағы негізгі ұғымдық бірлігі және тілдің ғылыми стилінің негізгі лексикалық бөлігі. Термин жасалуының сөзжасамдық ерекшеліктері: 1) атаулардың сөзжасамдық тұлғалар арқылы жасалу жүйесі; 2) интернационалдық түбірлер мен қазақ тілі жұрнақтары; 3) атаулық тіркестер және лексикалану процесі т.б.

Негізгі бөлім

Стилистика және стиль түрлері

Стилистика туралы мәлімет. Жазба әдеби тіл – жазу арқылы белгілі жүйеге түскен, өңделген, сұрыпталған жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, тұрақты, орныққан нормалары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін халықтың бәріне не көпшілігіне ортақ, түсінікті, қоғамдық қызметі әр алуан жалпы халықтық тілдің екшелген, сұрыпталған түрі екендігі қарастырылады.

Жазба тіл өзіндік тілдік ерекшелігіне қарай бірнеше стильдік тармақтарға жіктелетіндігін саралау.

1. Ресми стиль (іс қағаздар стилі), 2. Ғылыми стиль, 3. Көркем стиль (көркем әдебиет стилі), 4. Публицистикалық стиль. Стильдердің ерекшеліктері, өзіне тән белгілері қарастырылады.

Кәсіби саладағы коммуникативтік ерекшеліктер

Кәсіби салада адамдардың тіл табысуына қарай анықталатын негізгі типтер.

Ынтымақтастық қатынастың тактикасы (*бірлесуші тип*).

Кооперацияның бір түрін жақтайтын тактика (*жанжалды тип*).

Пікірталасқа негізделген ынтымақтастықтың тактикасы.

Әңгімелесушілердің сипаттары: жетекші, бейімделгіш, бірбеткей, ұяң.

Диалогтың түрлері: диалог-сұрау, диалог-келісу, диалог-келіспеу, диалог-нақтылау, диалог-талқылау.

Термин және құқық саласында қолданылатын терминдер

Құқық терминдерінің ресми-әскери стилінің бір саласына қызмет атқаруы. Терминдердегі нақтылық пен анықтылық. Құқық терминдерінің жалпы құқықтық және арнайы терминдерге бөлінуі. Құқық терминдерінің сипаттамасы. Олардың лингвистикалық ерекшеліктері. Терминдерге түсіндірме жасау, талдау. Заң терминдерінің қызметі. Терминдік функциялардағы латинизмдер. Терминдар мен ұғымдар: тілдік норма, нормадан ауытқу, стилистикалық қателер. Терминдер қызметіндегі көп мағыналы сөздер. Құқық тілінде көп мағыналы сөздердің кең таралуы туралы. Қылмыстық заң- қылмыстық іс жүргізу актілері. Қорғаушы мен клиент арасында қолданылуы. Метафора, сөздердің ауыспалы мағынасы, омоним сөздер, синонимдік қатар, антонимдер туралы. Кәсіби лексиканың ортақ кәсіпті атқаратын тұлғалар тілінде қолданылуы. Кәсіби лексиканың негізі-термин сөздер мен сөз тіркестері.

Кәсіби қызмет саласындағы құжаттар тіліне үйрету

Кінәсін мойындап келу, өзі жасаған қылмысы туралы ерікті мәлімдеуі, сезіктіні ұстау, сезіктінің қылмысқа қатыстылығын анықтау, қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы мәселені шешу, қолданылатын

іс жүргізулік мәжбүрлеу шарасы туралы, жауап алу, ауызша мәліметтерді алу, тергеу және сот амалдары туралы, дәлелдерді алу тәсілі, қамау түсіндіріледі.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сөйлеу мәдениеті

Заңгердің сөйлеу тілінің ерекшеліктері. Заңгердің кәсіби сөйлеу тіліне түсінік, сөйлеу тілінің міндеттері, кәсіби қызметте атқаратын ролі, заңгердің сөйлеу тіліне қойылатын талаптар.

1. Кәсіби сөйлеудің мазмұндылығы.
2. Сөздің дәлдігі-ойдың айқындылығы.
3. Тіл тазалығы
4. Тіл көрнектілігі

Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық. Жедел іздестірушінің жан-жақты білімін көтеру. Сөйлеу мәдениетін арттыру. Көпшілік алдында сөйлеудің жоспарын құру. Кіріспе. Негізгі бөлім. Қорытынды сөз дайындау. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, тыңдаушылар үшін маңыздылығы, айтылу мақсаты, тақырыптың тарихы қысқаша баяндалады. Негізгі бөлімде материалдың негізі беріледі: мазмұны түсіндіріледі. Негізгі бөлімде логикалық жүйелілік пен материалды орналастырдағы бірізділік сақтау қажет. Қорытынды сөз қорытынды істің біткенін көрсетеді. Сөз мәдениетінің жоғарғы сатысы, түсінігі туралы. Заңгердің сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар. Заңгердің дәл, диалектісіз жаргон қолданбай, әдеби тіл нормаларына сәйкес, ал жазуда ешқандай орфографиялық, пунктуациялық, қателерсіз жазуы. Сөз шеберлігі, сөздік қорының бай болуы, мәнерлі, өзіндік сөйлеу стиліне дағдыландыру.

Заттар мен құбылыстар туралы мәліметтердің хаттамалық тіркелуі

Айғақтарды тіркеу түрлері: хаттамалар толтыру, заттай айғақтарды іске тіркеу, айғақ ақпараттарын тіркеу формасы: хаттамалау, дыбыстық жазбалар, графикалық бейнелеу, сызба және масштабтық жоспарлар, суреттеу, соның ішінде портреттеу. Заттай айғақты алу, сақтау, модельдерін жасау, (макетін жасау, көшіру, іздерін алу) көрнекті түрде фотоға түсіру (көрінетін, көрінбейтін) сәулелермен киноға түсіру, бейнежазба, голография. Заттай айғақтар мен құжаттар жинау ерекшеліктерін хаттамалау: куәгердің жауабындағы ақпараттарды, маңызды мәліметтерді мүмкіндігінше сөзбе-сөз жеткізу, басқа мәліметтерді тіркеу.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. С.Б.Тілеубаев, Г.С.Солтанбекова. Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізу. Оқу құралы. Алматы, 2014.
2. Ұ.К.Сабырбаева, Г.С.Солтанбекова. «Кәсіби қазақ тілі». Оқу құралы. Алматы, 2014.-70б.
3. З.Н.Н.Ивакина.Профессиональная речь юриста.Учебное пособие.Москва 2010.
4. «Қазақ тілі» ПО қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқытуға арналған оқу құралы. Алматы, 2012.-70б.
5. Заңгерлерге арналған қазақ тілінен мәтіндер жинағы. Алматы, 2010.-90б.
6. Бұлдыбаева А. Мамандық тілін оқыту. Алматы, 2008.-45б.
7. Қарабаева Қ. «Қазақ тілі». Тәртіп сақшыларына арналған оқу құралы. Алматы 2008.- 125б.
8. «Қазақ тілі» (көмекші оқу құралы). ҚР ІІМ Академиясының кафедра оқытушылары. Алматы, 2008.-35б.
9. Г.Мылтықбаева, Е.Сайдаков. Заңгерлерге арналған мәтіндер жинағы. Алматы, 2009.-46б.
10. С.Жақыпақынова, С.Тілеубаев. Мәтіндер мен жаттығулар жинағы/көмекші оқу құралы, Алматы, 2001.-55б.
11. Қазақ би-шешендері. Алматы, 2008.-250б.
12. Қазақтың шешендік сөздері. Алматы, 2006.-230б.
13. Ә.Ш.Дүйсенбекқызы. «Қазақ тілі». Прокурорлық тергеу факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы, 2001ж.
14. С.Аширова. «Кәсіби қазақ тілі.» Алматы, 2011ж.
15. Алдын ала тергеудің іс жүргізу құжаттары үлгілерінің жинағы. (Оқу-тәжірибелік әдістеме). Алматы, 2003ж.
16. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық және құқық қорғау органдарының әкімшілік қызметі пәндерінен түсіндірме сөздік. Алматы, 2007ж.
17. С.М.Сапарәлиева, Н.З.Сұлтанова. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық пәнінен практикум (Жалпы бөлім). Алматы, 2007ж.
18. М.А.Қызылов. ПО әкімшілік қызметі (Оқу құралы). Қарағанды, 2005ж.
19. Сыздықов Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. Астана, 2001.
20. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы; Ана тілі, 1996.
21. Балақаев М, Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 2006.
22. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, Санат. 1997.
23. Әмір Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп. 1997.
24. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты. 2010.

25. Оразбаева Ф.Ш., Оразахынова Н.А.. Нормативті қазақ тілі. Оқу құралы – Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. 2010. 274 б.
26. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалы аспектісі. – Алматы, ЖК Волкова А.В. 2010. -371б.
27. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы, Сөздік словарь, 2005. -240б.
28. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, Print-S. 2005. -147б.
29. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. – Алматы, Ан Арыс, 2009. -368б.
30. Бейсенбайқызы З. Сөз мәдениетінің негіздері. – Алматы, ЖШС Інжу-Маржан», 2009. -192б.
31. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы, Арыс. 2009. -160б.
32. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, Эверо. – 2008. -464б.
33. Сағындықов Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. – Алматы, 2003.-340б.
34. Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. – Алматы, «Үш қиян». 2009. - 504б.
35. Заң терминдері бойынша сөздер мен сөз тіркестері. Алматы, 2010 ж.
36. Құндақбаева Л., Омаров Б., Қазақ тілі. (ІО қызметкерлері мен білім алушыларына арналған оқу құралы). Алматы, 2009.-95б.
37. Құндақбаева Л. Әскери және заң терминдерінің сөздегі. Алматы, 2010.-120б.
38. Е.Әбілезов. Жедел-іздістіру қызметі. Алматы, 2009ж.

Қосымша әдебиеттер

1. Б.Ж.Омаров, С.Б.Тілеубаев. Мемлекеттік тілде заң ісін жүргізу үлгілер жинағы. Алматы, 2011 ж.
2. Дүйсембекова Л. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. Алматы, 2000 ж.
3. Алдашева А., Ахметжанова З.Қ., Қ.Қадашева, Э. Сүлейменова. Ресми қарым-қатынас іс-қағаздары тілі. Алматы, 2000 ж.
4. Алдашева А., З.Ахметжанова, Қ.Қадашева. Ресми іс қағаздары. Алматы, 2001 ж.
5. Саурықова К., Қарымсақова Р., Омарова А. Қазақ тілі: ресми іс қағаздар тілін оқыту: Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне арналған оқу құралы. Алматы, 2001 ж.
6. В.Салагаев, Б.Шалабай. Іс қағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг. Учебное пособие. Алматы, 2002.
7. Б.С.Әшірова Қазақ тіліндегі өкімші-ұйымдастырушы құжаттардың тілі. Оқу-әдістемелік құрал. А., 2002.
8. Әшірова Б.С. Нормативті-жарлықшы құжаттардың тілдік стильдік ерекшеліктері (қолжазба түрінде дисс.). 2004 ж. Ақпан.
9. Хасанұлы Б. Языки народов Казахстана. – Алматы, 2008.
10. Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды, 1998. - 159б.

11. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Алматы, Ан Арыс. 2007, -312б.
12. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, Жібек жолы. 2008. -256б.
13. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984.
14. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, Санат. 1996. -240б.
15. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, Арыс. 2007, - 488б.
16. Емлесі қиын сөздер. Анықтамалық сөздік. – Алматы, Балауса. 2000. - 512б.
17. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, Елорда. 2000.
18. Мырзабектен С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы, Сөздік-словарь. 2001. -320б.
19. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, Сөздік-словарь, 2005.-440б.
20. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы, Қазақ университеті, 2007. -330б.
21. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқ., Т.Жанұзақов. – Алматы, Дайк Пресс, 2008. – 968б.
22. М.Р.Насырова, С.П.Гуляева. Юридический русско-казахский толковый словарь-справочник. Алматы, 2008.